

М. Мәметова атындағы гуманитарлық колледж

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» бөлімінің III курс студенті

Пірназар Гүлмайра

Жетекшісі:

М. Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің оқытушысы

Қылышбаева Сандуғаш Күмісбайқызы

Бақыт

Ерте, ерте, ертеде кедей үш жетім жігіт өмір сүріпті. Олар әрдайым бір-бірімен тату дос болған. Үш достың есімі Арман, Жандос және Азамат екен. Күндердің бір күнінде Арман базарға барады. Базарда гу-гу әңгіме қаптап жүр екен. Сол әңгіме Арманның да құлағын шалып қалады. Оны естіген ол өзінің жақын жолдастарына айтпақшы болады.

Жандос пен Азаматқа барып естіген әңгімесін баяндай бастайды .

- Бір алыс орман, тоғайдың арғы жағында биік бір тау бар екен. Содан әрі қарай ассақ бақытқа жететін жол бар, егер біз тәуекелге бел буып сол жаққа қарай аттансақ шексіз бақытқа кенелеміз,- деді. Арман.

-Егер біз бақытқа жетсек сен не тілер едің?- дейді Жандос Арманға.

-Мен мол байлықты тілер едім. Осы ауылда ешкімге жалынбай арқамды кеңге салып, не кием, не ішем деген уайым менде мүлдем болмас еді. Жігіттер бақыт деген осы емес па?- дейді. Арман

Сонда Жандос: Мен осы елдің билеушісі болсам. Мен үшін бұдан асқан бақыт болмас еді. Барлығы менің қол астымда маған қызмет етсе мен не тілесем, сол болса осы емес пе бақыт деген.

Ал, Азаматтың бақыты достарынан бөлек еді. Кішкене кезінен ауру – сырқаудан көз аспаған Азамат денсаулықтың қаншалықты маңызды екенін біліп өсті. Ол үшін денсаулықтан асқан бақыт жоқ.

-Егер денсаулығым мықты болса өз еңбегіммен барлық нәрсеге жетер едім. Денсаулығым болса, менен асқан бақытты жан болмас еді,- дейді. Азамат.

Арман, Жандос, Азамат үшеуі тәуекелге бел буып жолға шығады. Азамат жолға шығар алдында «Ұзақ жолда денсаулығым сыр білдірмесе екен»,- деп Алла Тағалаға жалбарынады.

- Уа, Раббым, мендей дiмкәс пендене күш -қуат берегөр -дейдi Азамат. Достар ұзақ уақыт жол жүредi орманнан да, тоғайдан да өтедi. Бақыт үшiн биiк таудан да өттi. Ақыры бақытқа да жеттi, қуанғандары соншалық бiр-бiрiн құшақтап өздерiнiң қиналғандарын ұмытып кетедi.

Кенет жолдарынан үш сиқырлы бiрiншiсi - байлық, екiншiсi –билiк, ал үшiншiсi-денсаулық деген үш есiк шығады. Сөйтiп, үш достың жолы үшке бөлiнедi.

Арман өз бақытын байлық деп санап байлықтың есiгiн ашады. Жандос өз байлығын билiк деп есептеп билiктiң есiгiн ашады. Ал, Азамат Денсаулық деген есiктiң жанына барып:

-Аллаға мың да бiр алғыс, шүкiршiлiк етiп есiктi ашады. Есiктiң ар жағында көз шағылыстырар жарық болды. Азамат есiнен танып қалады. Есiн жыйып қараса алдында бiр сұлу қыз тұр екен.

-Жiгiт саған не болды?- деп орнымнан тұрғызды. Байқасам еш жерiм ауырмайды, жанымды жегiдей жеп ауыртқан ешбiр ауру- сырқау жоқ. Өмiрге бейнебiр жаңа келгендеймiн. Қуанышымда шек болмады. Арада ұзақ жылдар өттi. Азаматтың сүйген жары да, жанашыр балалары да, байлық та, билiк те, махаббат та, сыйластық та, бәрi, бәрi, бiр сөзбен айтқанда төрт құбыласы тең болды. Ол сондай бақытты едi.

Бiрақ, Азаматтың достарында мұндай бақыт болған жоқ. Жандос та, Арман да қалаған нәрселерiне қол жеткiзсе де, бақытсыз болды. Жастары келген сайын ауру -сарқаулары көбейе бастады. Олар ауырғанда жандарында жанашыр жандары болған жоқ. Соған екеуi де қатты қынжылатын. Күндердiң күнiнде үш дос кездесiп әнгiме -дүкен құра

бастайды. Осы уақыт аралығында неге қол жеткізгендерін сұрайды. Азаматтың достары: - Бұл қалай болғаны? Сен де біз секілді бір ғана нәрсе тіледің ғой. Не бәрі денсаулық қана. Сен бұлардың барлығына қалай қол жеткіздің ?- деп сұрайды.

-Е, достарым, шүкіршілік етсеңдер, денсаулықтарың болса, барлығына қол жеткізе аласыңдар, денсаулықты ешқандай байлықпен алмастыра алмайсыңдар,- дейді Азамат.

Арман мен Жандос та денсаулыққа жететін байлық жоқ екенін және ол адамның басты құндылығы екенін түсінді.